

Жер қойнауын пайдалану құқығына берілген лицензияны кері қайтарып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 9 маусым N 785

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 U962828_ заң күші бар Жарлығының 40-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қант цемент-шифер комбинаты"

жалдық кәсіпорнына Жамбыл облысы Қордай ауданындағы Ағалатас кен орнынан әк тас пен сланец өндіруге арналған 1995 жылғы 11 желтоқсанда берген сериясы МГ N 757 (әк тастар) лицензиясы кері қайтарылып алынсын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі осы қаулыны орындау жөнінде қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Жұманазарова А.Б.